

"Kazakhstan Westerfield Mining" жауапкершілігі шектеуле серіктестігіне жариялық сервитут орнату туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 115 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 69-бабы 4-тармағының 7-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Kazakhstan Westerfield Mining" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, Бейімбет Майлин ауданы, Белинский ауылдық округі аумағында орналасқан ұзындығы 21,6 шақырым, 6 жыл мерзіміне дейін жариялық сервитут орнатылсын.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жолдау;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жарияланғаннан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейімбет Майлин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Мыржақыпов